

УДК 619:616.521:636.8

П. Ихсанова, магистрант

М. М. Саденов, биология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ТЕРІНІҢ ЭКЗЕМАТОЗДЫ ЗАҚЫМДАНУЫНА ҰШЫРАҒАН МЫСЫҚТАРДЫ ЕМДЕУ КЕЗІНДЕГІ КЕЙБІР КЛИНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Аннотация

Мақалада терінің экзематозды зақымдануына ұшыраған мысықтарды емдеу кезіндегі кейбір клиникалық көрсеткіштерінің нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижелері бойынша жіті экзема кезінде дене температурасының жоғарылауы және пульстің күшеюі байқалды. Несепті зерттеу кезінде ешқандай ауытқулар анықталмады. Димефосфон мен натрий гипохлоритін үйлестіре қолдану мысықтардың экземасын емдеу кезінде жануарлардың клиникалық статусына өзгеріс тудырмайды.

Түйін сөздер: экзема, мысық, несеп, клиникалық күй, препарат.

Кіріспе. Мысықтардың арасында кең тараған аурулардың ішінде тері ауруларын емдеу қиындық әкеледі. Тері анатомиялы және рефлекторлы түрде ішкі органдармен байланысты, оның функциональды және сыртқы түрі ішкі органдар мен жүйелердің айнасы ретінде қарастырылады. Тері ең бірінші пайда болған патология туралы хабар беруші болып табылады [1].

Сонғы жылдары тері аурулары мысықтарда жиі кездеседі. Азықтандыру сипатының бұзылуы, сыртқы ортаның экологиялық сипатының бұзылуы, ұсақ жануарлардың көпшілігінің аз қозғалуы, сауатсыз асыл тұқымдық жұмыстардың өзгеруі жиі байқалады. Бұл факторлар генофондта әртүрлі патологиялық күйлердің туындауы мен сақталуын тудырады, оның көпшілігі тері арқылы көрініс табады [2, 3].

Экзема – біріншілік және екіншілік бөрітпе полиморфизмі мен рецидивке басымдылығымен сипатталатын, терінің беткі қабатының қабынуы. Қазіргі кезде терапия әдістері мен жаңа тиімді препараттарды іздеу бұл дерматозды емдеуде нақты нәтиже жоқ екендігін көрсетеді [4].

Экземамен зақымданған жануарларды емдеуде көптеген әртүрлі терапиялық әсер ету әдісіне жүгінуге тура келеді. Мұндай әдістің оң әсері бар, бірақ барлық патологиялық тізбектерде бір препаратты қолдануға болмайды, себебі олардың кері әсері мен сыйымсыздығын есепке алу керек [5].

Осыған орай, зерттеу барысында жіті және созылмалы экземамен ауыратын жануарларға Димефосфон препаратын ішке және натрий гипохлоритін сыртқа аппликациялау арқылы қолдану нәтижесінде олардың жануарлардың клиникалық күйіне әсерін анықтауды жөн көрдік. Аталмыш препараттарды қолдану кезінде ем алдындағы және емнен кейінгі дене температуралары, пульстері, тыныс алу жиіліктері және несеп көрсеткіштері алынды.

Зерттеу материалы және әдістер. Жұмыс Орал қаласындағы ЖК «Винникова» ветеринарлық клиникасында жүргізілді. 2014-2015 жылдары экземамен ауырған 20 мысық зерттеліп, екі топқа бөлінді. Әр топта 10 жануардан болды. Олардың ішінде 10 мысық жіті, 10 мысық созылмалы экземамен ауырды.

Жануарларға Димефосфон препараты ішке және натрий гипохлоритін сыртқа аппликациялау арқылы қолданылды. Сонымен бірге, тетравит витаминін бердік.

Жануарлардың дене температурасын өлшеу үшін алдымен кәдімгі сынап термометрді (жылу өлшегішті) сынап бағанасын төмендету үшін жайлап сілкіп, оны зарарсыздап (спиртпен мақта арқылы сүрттік), ұшына вазелин жақтық. Осыдан кейін жануарлар құйрығын аздап біржаққа көтеріп, термометрді тік ішекке айналмалы қимылдар жасай отырып, 3-5 минутке енгіздік.

Қарыншадан систола кезінде қуылған қан қолқаны тербелте керіп, одан әрі бұл толқын артерияларға таралады да, артериолалар мен капиллярларда басылады. Артерия қабырғасын жүрек жұмысымен байланысты толқын тәрізді тербелістерін тамырдың соғуы (пульс) деп атайды. Тамырдың соғуын (пульс) сан және сафена артерияларда анықтадық.

Тыныс алу жиілігін 1 мин ішінде қабырғалар мен құрсақ еттерінің қимылдарын санап, немесе кеңірдек пен өкпеде пайда болатын дыбыстарды тыңдап анықтадық. Тыныс алу жиілігін малдың танауына алақанды тоса ұстап, демімен шыққан ауа буын санап та анықтадық.

Зәрдің тығыздығын (меншікті салмағын) анықтау үшін 100 мл цилиндрге көбік пайда болмайтындай етіп толтыра зәр құйдық. Зәр бетінде көбік пайда болған кезде, оны фильтрлік қағазбен сорып алдық. Содан кейін урометрді жайлап зәрге салдық. Урометрдің зәрге батпаған ұшы суланбау керек. Урометр зәрде бірқалыпты тұрақты қалқып тұрғаннан кейін, төменгі мениск бойынша оның көрсеткішін белгілеп, оған зәрдің температурасына сәйкес түзету енгіздік. Зәрдің температурасы 150С-ден жоғары болған кездерде, онда әрбір 3С-ға 0,001-ді алып тастадық.

Индикатор қағаздың көмегімен зәрлерінің реакциясын анықтау. Әмбебап индикаторлық қағазға бір тамшыдан әр мысықтың зәрлерін тамыздық. Зәрдің әрекетшіл ортасы қышқылдық болса, онда қағаз қызарды не сарғайды, егер сілтілік болса — көгерді, бейтарап болса — қағаз түрі өзгермеді.

Зәрдің қышқылдық көрсеткішін рН-метрмен анықтау. Жоғарыда айтылған зәрлердің реакцияларының дұрыстығы рН- метр аспабының нұсқауы бойынша тексерілді.

Зәрдің құрамында кетон денелерін (заттарды) анықтау. Кетон (ацетон) денелерін тексеру үшін Росса реактивін қолдандық (1 г натрийдің нитропруссит және 99 г аммонийдің сульфат заттарын фарфор жалпақтау ыдысқа салып, келімен мұқият түрде ұсақтадық, ұнтақталған түрінде араластырып, қоспаны қара шыны сауытта сақтадық). Шыны түтікшелерге 1 г Росса реактивті, 5 мл несепті және бір неше кристалл NaOH салып, араластырып 5 минутке қалдырдық. Содан кейін өзгерген түсіне қарай отырып, Адлер ұсынған әдістеме бойынша тәжірибенің нәтижесін бағаладық.

Зәрдегі қантты анықтау үшін Гайнес реактиві қажет болды. Ол үшін 3 ерітінділерді алдын ала жасау керек: 13,3 г CuSO_4 400 мл дистильденген суға еріттік; 50 г KOH 400 мл дистильденген суға еріттік; 15 г таза глицеринді 200 мл дист. суға еріттік; Алдымен 1-ші мен 2-ші ерітінділерді араластырып оған 3-шіні қостық. Шыны пробиркаға дайындалған Гайнес реактивінен 3-4 мл құйып қыздырдық, содан кейін оған 8-10 тамшы несепті қосып, қайта қыздырдық. Егер несептің құрамында қант болған жағдайда, сұйық сары түске боялып, қоныр-қызыл түсті тұнба пайда болады. Қандағы белокты анықтау үшін сульфасалицил қышқылы арқылы сынама, билирубинді анықтау мақсатында Фуше сынамасы, уробилиногенді анықтау мақсатында Флоренс сынамасы, гемоглобинді анықтау үшін бензидин сынамасы пайдаланылды. Лейкоциттер экспресс әдіспен, эпителиилер микроскопиялау арқылы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Жіті және созылмалы экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық талдауының көрсеткіштері 1-ші және 2-ші кестеде берілген.

1 кесте – Жіті экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау	Ауру жануарлар, ем күндері				
		1	3	7	10	14
Дене температурасы, °С	38,4	39,8	38,6	38,5	38,4	38,5
Пульс, минут	125	142	128	126	127	125
Тыныс алу жиілігі, минут	25	31	31	27	28	27

2 кесте – Созылмалы экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау	Ауру жануарлар, ем күндері				
		1	3	7	10	14
Дене температурасы, °С	38,5	38,9	38,7	38,8	38,6	38,7
Пульс, минут	125	130	128	129	130	127
Тыныс алу жиілігі, минут	26	26	25	26	24	26

Зерттеу нәтижелері бойынша жіті экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштерінде дене температурасының және пульстің жоғары болуы байқалады.

Жануарларға Димефосфон препараты ішке және натрий гипохлоритін сыртқа аппликациялау арқылы қолданғаннан кейін аталмыш көрсеткіштер қалпына келді. Созылмалы экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштері ем алдында және кейін бақылау тобындағыдай қалыпты физиологиялық нормада болды.

Экземаға шалдыққан мысықтардың несекінің клиникалық талдауының көрсеткіштері 3-ші кестеде берілген.

3 кесте – Мысықтардың несекінің клиникалық талдауының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жіті экземаға шалдыққан мысықтар	Жіті экземаға шалдыққан мысықтар	Созылмалы экземаға шалдыққан мысықтар	Созылмалы экземаға шалдыққан мысықтар
	Ем алдында	Емнен кейін	Ем алдында	Емнен кейін
Мөлдірлілігі	Мөлдір	Мөлдір	Мөлдір	Мөлдір
Қышқылылығы, рН	5,4	5,4	5,9	5,8
Белок, г/л	0,19	0,17	0,27	0,26
Глюкоза, ммоль/л	0,8	0,7	0,7	0,6
Кетон денелері	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Тығыздығы	1,017	1,016	1,018	1,019
Уробилиноген, ммоль/л	0,42	0,43	0,38	0,36
Билирубин	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Гемоглобин	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Лейкоциттер	орташа	орташа	орташа	орташа
Эпителий	калыпты	калыпты	калыпты	калыпты

Экземаға шалдыққан жануарларда ем алдында және кейін несекінде глюкоза, ақуыз кішкене мөлшерде болды. Кетон денелері, билирубин, гемоглобин болмаған. Лейкоцит санының артуы, рН өзгерісі тіркелмеген. уробилиноген концентрациясының ауытқуы тіркелмеген.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бойынша жіті экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштерінде дене температурасының және пульстің жоғары болуы байқалады. Жануарларға Димефосфон препараты ішке және натрий гипохлоритін сыртқа аппликациялау арқылы қолданғаннан кейін аталмыш көрсеткіштер қалпына келді. Созылмалы экземаға шалдыққан мысықтардың клиникалық көрсеткіштері ем алдында және кейін бақылау тобындағыдай қалыпты физиологиялық нормада болды.

Экземаға шалдыққан жануарларда ем алдында және кейін несекінде глюкоза, ақуыз кішкене мөлшерде болды. Кетон денелері, билирубин, гемоглобин болмаған. Лейкоцит санының артуы, рН өзгерісі тіркелмеген. уробилиноген концентрациясының ауытқуы тіркелмеген. Димефосфон мен натрий гипохлоритін үйлестіре қолдану мысықтардың экземасын емдеу кезінде жануарлардың клиникалық статусына өзгеріс тудырмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кожа. Строение и функции. Общая патология и терапия / Под ред. акад. А.М.Чернуха, Е.Л. Фролова. – М.: Медицина, 1982. – 336 с.
- 2 Лебедев А.В. Незаразные болезни собак и кошек / А.В.Лебедев, С.В.Старченков, С.Н. Хохрин, Г.Г. Щербаков. – СПб.: «ГИОРД», 2000. – С. 174-178.
- 3 Постников Е.И. Дерматиты диагностика и терапия / Е.И. Постников, А.Е. Хотько // Актуальные проблемы ветеринарной медицины мелких домашних животных на Северном Кавказе : сб. матер. 2-й Региональной конференции (Персиановский, 27 мая 1999 г.). – Персиановский, 1999. – С. 63.
- 4 Нестеренко Г.Б. Патогенетическое лечение экземы и его обоснование : сб. тр. 111 съезда дерматологов и венерологов Украинской ССР. – Киев: "Здоров'я", 1966. – С. 53-58.
- 5 Щуцкий И.В. Патогенез и лечение экземы / И.В. Щуцкий. – Киев: Здоров'я, 1974. – С. 28-55.

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты некоторых клинических показаний при экзематозных поражениях кожи кошек. Результаты исследований показывают, что при острой экземе повышается температура тела, учащается пульс. При исследовании мочи не было выявлено отклонений в показателях. Совмещенное применение димефосфона и натрий гипохлорита не показало изменения показателей в клиническом статусе у животных.

RESUME

The article gives the results of some clinical indications with eczematous skin lesions cats. Research results show that increased body temperature in acute eczema and quickens the pulse. Urinalysis showed no deviation in the indicators. The combined use of sodium hypochlorite and dimephosphone showed no changes in indicators in the clinical status of the animals.

ӘОЖ.616.995.122:619:639.2

А. К. Карина, магистрант

Б. М. Сидихов, ветеринария ғылымдарының кандидаты (РФ)

Р. С. Сабиров, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОЙЛАРДЫҢ МОНИЕЗИОЗБЕН ЗАЛАЛДАНУ ДЕҢГЕЙІ

Аннотация

Мақалада қой аурулары мен паразитоз кезінде қолданылған препараттарды тәжірибеден өткізу бойынша маусымдық-өсу динамикасынан мәліметтер келтірілді. Арнайы әдебиетті талдау мен жеке зерттеулер нәтижесі барлық қой малының мониезиозға шалдыққанын көрсетті.

Түйін сөздер: *мониезиоз, орибатидтер, кенелер, цестодтар, гельминт, инвазия.*

Кіріспе. Мониезиоздар – таспа құрттар аурулары, тудыратын қоздырғыштары *Moniezia* туыстығының *Anoplocephalidae* тұқымдастығына жатады. Мониезиозбен қойлар, ешкі, ірі қара мал, бұғылар, енекелер және жабайы күйіс қайыратын жануарлар ауырады. Негізінен жиі төлдер, соның ішінде қозылар, лақтар, бұзаулар ауырады.

Қоздырғышы – ірі таспа құрттар *Moniezia expansa* және *Moniezia benedeni*. Шар тәріздес 4 сорғышымен қарусыз сколексі, өңеш арасындағы безі, қос жыныс аппараты, жыныс тесігі, екі жағына ашылатын әрбір жетілген мүшелері екі түріне тән болып табылады. Мониезидің 10 түрі тіркелген, бірақ ветеринарлық мамандар *Moniezia expansa* және *Moniezia benedeni* түрлерімен жиі кездеседі.[1,3]

Малдарға мониезиоз жайылымда қаптап жүрген орибатея кенелері арқылы көктем айларында жұға бастайды. Кенелер саңырауқұлақтардың сабағымен, өсімдік түбірімен, шіріген органикалық заттармен қоректеніп, жайылымда екі жылдай тіршілік етеді. Олар әсіресе батпақты жерлерде, орманды жердің шөбі мен топырағында көп кездеседі. Көбінесе орибатея кенелері топырақ бетінде жорғалап жүреді, ал жауынды күндері өрмелеп шөп басына шығып кетеді. Күн ысыған мезгілде шөптің басына шығады. Кенелер шөп басында, әсіресе жауынды күндері ұзақ болады. Сондықтан малдың көпшілігі мониезиозға жауынды күндері шалдығады. Мониезия жұмыртқалары қолайсыз жағдайларға төзімді келеді. Мәселен, нәжістегі құрт жұмыртқалары ылғал мол болса, 12-14 ° С жылылықта төрт ай бойы өлмейді, бірақ 50 ° С ыстықта бір минутқа жетпей қырылып қалады. Жазды күні ашық далаға келіп түскен мониезия жұмыртқаларының екі тәуліктен кейін 36 пайызы ғана, ал бесінші, алтыншы күндері 13 пайызы ғана тірі қалады.